КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылы 04 қаңтар №7119-23-00-2/14960 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
Изкенов Гани Акимбаевич тұлғасындағы «Пятерочка» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК жауапкер Изкенов Гани Акимбаевич тұлғасындағы «Пятерочка» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Изкенов Гани Акимбаевич тұлғасындағы «Пятерочка» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Изкенов Гани Акимбаевич тұлғасындағы «Пятерочка» ЖК-нен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК пайдасына 160 200 (бір жүз алпыс мың екі жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 4806 (төрт мың сегіз жүз алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Изкенов Гани Акимбаевич тұлғасындағы «Пятерочка» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Баймурзина А. А., 13.02.2024

7119-23-3-1/14811